



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Жеке кәсіпкерлік субъекті бірлестіктерін аккредиттеу туралы

Астана қ.

2026 жылғы 12 ақпан

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 127 бұйрығымен бекітілген Жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктері мен өзге де коммерциялық емес ұйымдарды аккредиттеуден өткізу қағидаларын, оның ішінде аккредиттеу туралы куәліктің нысанын, аккредиттеудің күшін жою негіздері мен тәртібіне (*бұдан әрі – Қағидалар*) сәйкес, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жанындағы Кәсіпкерлік мәселесі жөніндегі сарапшылық кеңесте жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүддесін білдіру үшін жеке кәсіпкерлік субъекті бірлестіктерін аккредиттейтінін хабарлайды.

Өтініш беруші аккредиттеуге мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
- 2) құрылтайшы құжаттарының және заңды тұлғаның, филиалдың (өкілдіктердің) мемлекеттік тіркеуден өткенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттардың қазақ және орыс тіліндегі электрондық көшірмелерін;
- 3) бизнес-сәйкестендіру нөмірлерін көрсете отырып, бірлестік және/немесе ұйым мүшелерінің тізімін.

Аккредиттеуден өтуге қажет құжаттар пакеті 2026 жылғы **25 ақпанға** (қоса алғанда) дейін hq@nationalbank.kz электрондық пошта мекенжайына қабылданады (хабарламаның тақырыбында «**аккредиттеуге қатысуға өтінім**» деп көрсету шарт).

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77 52 10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz